

## Мал шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандартты бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/36 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 мамырда № 9450 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 393 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2020 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі "Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 406 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мал шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандарт бекітілсін.
2. Мал шаруашылығы департаменті (Е.Қ. Ахметов) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.
3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасына (С.С. Лепешко) жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр  
Келісілген  
Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
Т. Дүйсенова  
2014 жылғы 7 сәуір

А. Мамытбеков

## **Мал шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мал шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандарты (бұдан әрі - КС):

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге;

4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;

5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;

6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;

2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.

4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының нақты түрін орындауда кәсіби дайындық деңгейі ;

2) біліктілік деңгейі\білікті деңгейі – орындалатын жұмыстардың жауапкершілігін, өзгешелігін және қиындығын бейнелейтін қызметкер біліктілігіне (құзыреттілігіне) қойылатын талаптар;

- 3) еңбек заттары – нақты еңбек құралдары көмегімен өнім әзірлеу мақсатында жұмысшының әрекеттері бағытталған заттар;
- 4) еңбек құралдары – еңбек заттарын бастапқы жағдайынан өнімге түрлендіруде жұмысшының қолданатын құралдары;
- 5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіліктердің тұтас жиынымен құрамдастырылған кәсіби қызмет саласының құрама бөлігі;
- 6) еңбек функциясы – бизнес-процеспен анықталатын және олардың еңбек қызметінің нақты түрінің шеңберінде орындалуы үшін тиісті құзыреттіліктің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және тиісінше автономды жиынтығы;
- 7) кәсіби қызметтің саласы – ортақ интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіліктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;
- 8) кәсіби стандарт – кәсіби іс-әрекеттің нақты саласындағы біліктілік деңгейлерге, құзыреттіліктерге, сонымен қатар еңбек мазмұны, сапасы және шарттарына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;
- 9) кәсіби стандарт бірлігі – кәсіби стандарттың еңбек қызметінің нақты түрі бойынша маңызды, қатысымды дербес, аяқталған, бүтін нақты еңбек функциясының толық сипаттамасының құрылымдық элементі;
- 10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы білімді, ептілікті және практикалық дағдыларды талап ететін және білімі туралы тиісті құжаттармен нақтыланатын адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;
- 11) құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қаблеті;
- 12) лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;
- 13) міндет – нақты еңбек заттары мен құралдарын пайдаланып еңбек функциясын жүзеге асырумен және нәтижеге жетуге байланысты әрекеттер жиынтығы;
- 14) сала – өндірілетін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ мекемелер мен ұйымдардың жиыны;
- 15) салалық біліктілік шеңбері – салада танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;
- 16) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығындағы танылған біліктілік деңгейлердің құрылымдық сипаттамасы;

17) функционалдық карта – бір немесе басқа да кәсіби қызмет саласында нақты қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

## **2. КС паспорты**

5. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісі 03-2007: 01.41 Малдың сауын тұқымын өсіру, 01.42 Малдың және енекенің басқа да тұқымдарын өсіру, 01.43 Жылқы және басқа да тұяқты тұқымдарды өсіру, 01.45 Қойлар мен ешкілерді өсіру, 01.46 Шошқалар мен торайларды өсіру, 01.47 Құс шаруашылығы, 01.49 Малдардың басқа да түрлерін өсіру.

6. Экономикалық қызмет түрінің негізгі мақсаты - асыл тұқымды малдарды оңтайлы пайдалану және қорғау, олардың денсаулығы мен жоғары деңгейде ұрықтануын сақтау.

КС ҚР МЖ 03-2007: 01 Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аң аулау және осы салалардағы қызметтерді көрсету кәсіби қызмет саласында еңбек мәніне, сапасына, жағдайына және қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттіліктеріне қойылатын талаптарды белгілейді.

7. Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы мал шаруашылығы қызметіндегі КС 1-қосымшасында көрсетілген.

Стандарт талаптары қызмет түрлеріне және осы саланың төмендегі кәсіптеріне жатады:

жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша жұмысшы;

жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы;

жануарларды алып жүру бойынша жолсерік;

жем әзірлеуші;

жануарларды күтуші;

делбеші;

шопан;

жылқышы;

шабандоз;

бұғы өсіруші;

шошқа өсіруші;

құсбегі;

марал өсіруші.

### **3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкасы**

#### **1-параграф. Жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша жұмысшы**

8. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-4.

9. Лауазымның мүмкін атаулары: жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша жұмысшы.

10. "Жануар күтімі бойынша жұмысшы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жануарларға күтім жасау бойынша үдеріс.

11. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

12. Жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша жұмысшының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

13. Еңбек функцияларын айқындайтын, жануар күтімі бойынша жұмысшы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

14. Жануар күтімі бойынша жұмысшы орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

15. Жануар күтімі бойынша жұмысшының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5,6,7-кестелерінде көрсетілген.

#### **2-параграф. Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы**

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

17. Лауазымның мүмкін атаулары: жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы.

18. "Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жануарларға күтім жасау бойынша үдеріс.

19. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

20. Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

21. Еңбек функцияларын айқындайтын, жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

22. Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

23. Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5,6-кестесінде көрсетілген.

### **3-параграф. Жануарларды алып жүру бойынша жолсерік**

24. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

25. Лауазымның мүмкін атаулары: жануарларды алып жүру бойынша жолсерік.

26. "Жануарларды алып жүру бойынша жолсерік" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жануарларды алып жүру бойынша үдеріс.

27. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

28. Жануарларды алып жүру бойынша жолсеріктің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

29. Еңбек функцияларын айқындайтын, жануарларды алып жүру бойынша жолсерік орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

30. Жануарларды алып жүру бойынша жолсерік орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

31. Жануарларды алып жүру бойынша жолсеріктің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

### **4-параграф. Жем әзірлеуші**

32. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 1-3.

33. Лауазымның мүмкін атаулары: жем әзірлеуші.

34. "Жем әзірлеуші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жемді әзірлеу үдерісі.

35. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

36. Жем әзірлеушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

37. Еңбек функцияларын айқындайтын, жем әзірлеуші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

38. Жем әзірлеуші орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

39. Жем әзірлеушінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5, 6,7-кестелерінде көрсетілген.

## **5-параграф. Жануарларды күтуші**

40. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 1-3.

41. Лауазымның мүмкін атаулары: Жануарларды күтуші.

42. "Жануарларды күтуші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жануарлардың жамылғы түгін жою.

43. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 6-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

44. Жануарларды күтушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

45. Еңбек функцияларын айқындайтын, жануарларды күтуші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 6-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

46. Жануарларды күтуші орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 6-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

47. Жануарларды күтушінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 5,6,7-кестесінде көрсетілген.

## **6-параграф. Делбеші**

48. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 1.

49. Лауазымның мүмкін атаулары: делбеші.

50. "Делбеші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жылқыны жегу және доғару.

51. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 7-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

52. Делбешінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

53. Еңбек функцияларын айқындайтын, делбеші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 7-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

54. Делбеші орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 7-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

55. Делбешінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

## **7-параграф. Шопан**

56. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

57. Лауазымның мүмкін атаулары: шопан.

58. "Шопан" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: мал басын бақылау.

59. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 8-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

60. Шопанның еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

61. Еңбек функцияларын айқындайтын, шопан орындайтын, анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 8-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

62. Шопан орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 8-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

63. Шопанның құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

## **8-параграф. Жылқышы**

64. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

65. Лауазымның мүмкін атаулары: жылқышы.

66. "Жылқышы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жегін жануарлардың жұмысына есеп жүргізу.

67. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 9-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

68. Жылқышының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 9-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.



69. Еңбек функцияларын айқындайтын, жылқышы орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі КС 9-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

70. Жылқышы орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 9-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

71. Жылқышының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 9-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

## **9-параграф. Шабандоз**

72. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

73. Лауазымның мүмкін атаулары: шабандоз.

74. "Шабандоз" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: жылқыларға күтім жасау, асырау және тамақтандыру бойынша жұмысты бақылау.

75. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 10-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

76. Шабандоздың еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 10-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

77. Еңбек функцияларын айқындайтын, шабандоз орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі КС 10-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

78. Шабандоз орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 10-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

79. Шабандоздың құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 10-қосымшасының 5,6-кестесінде көрсетілген.

## **10-параграф. Бұғы өсіруші**

80. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

81. Лауазымның мүмкін атаулары: бұғы өсіруші.

82. "Бұғы өсіруші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: бұғыларды бағу, тамақтандыру, суару.

83. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 11-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

84. Бұғы өсірушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 11-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

85. Еңбек функцияларын айқындайтын, бұғы өсіруші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі КС 11-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

86. Бұғы өсіруші орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 11-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

87. Бұғы өсірушінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 11-қосымшасының 5-кестелерінде көрсетілген.

### **11-параграф. Шошқа өсіруші**

88. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

89. Лауазымның мүмкін атаулары: шошқа өсіруші.

90. "Шошқа өсіруші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: тамақтандыру, су беру, көнді жою, үй-жайды тазалау.

91. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 12-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

92. Шошқа өсірушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 12-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

93. Еңбек функцияларын айқындайтын, шошқа өсіруші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 12-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

94. Шошқа өсіруші орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 12-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

95. Шошқа өсірушінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 12-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

### **12-параграф. Құсбегі**

96. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

97. Лауазымның мүмкін атаулары: құсбегі.

98. "Құсбегі" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: құстың өнімділігін арттыру бойынша шараларды орындау.

99. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 13-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

100. Құсбегінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 13-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

101. Еңбек функцияларын айқындайтын, құсбегі орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 13-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

102. Құсбегі орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 13-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

103. Құсбегінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 13-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

### **13-параграф. Марал өсіруші**

104. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

105. Лауазымның мүмкін атаулары: марал өсіруші.

106. "Марал өсіруші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: маралдарды бағу, тамақтандыру, суару.

107. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 14-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

108. Марал өсірушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 14-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

109. Еңбек функцияларын айқындайтын, марал өсіруші орындайтын, КС бірліктерінің тізбесі осы КС 14-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

110. Марал өсіруші орындайтын КС бірліктерін сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 14-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

111. Марал өсірушінің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 14-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

#### 4. КС әзірлеушілері

120. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.

121. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 15-қосымшасында көрсетілген.

Мал шаруашылығы бойынша қызметтегі  
кәсіби стандартының  
1-қосымшасы

#### Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

№ р/с	Қызмет түрі атауы	Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеушісіне сәйкес кәсіптер атауы	С Б Ш біліктілік деңгейлері
1.	М а л шаруашылығы	Жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша жұмысшы	Жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша жұмысшы	2-4
2.	М а л шаруашылығы	Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы	Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы	3-4
3.	М а л шаруашылығы	Жануарларды алып жүру бойынша жолсерік	Жануарларды алып жүру бойынша жолсерік	3
4.	М а л шаруашылығы	Жем әзірлеуші	Жем әзірлеуші	1-3
5.	М а л шаруашылығы	Жануарларды күтуші	Жануарларды күтуші	1-3
6.	М а л шаруашылығы	Делбеші	Делбеші	1

7.	М а л шаруашылығы	Шопан	Шопан	3-4
8.	М а л шаруашылығы	Жылқышы	Жылқышы	3-4
9.	М а л шаруашылығы	Шабандоз	Шабандоз	3-4
10.	М а л шаруашылығы	Бұғы өсіруші	Бұғы өсіруші	3
11.	М а л шаруашылығы	Шошқа өсіруші	Шошқа өсіруші	3-4
12.	М а л шаруашылығы	Құсбегі	Құсбегі	2-3
13.	М а л шаруашылығы	Марал өсіруші	Марал өсіруші	3

Мал шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 2-қосымшасы

### 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуші (МКЖ)	
Базалық топ	6129 Жануар күтімі бойынша жұмысшы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	1-шығарылым, тарау: Экономиканың барлық салаларына ортақ жұмысшылардың кәсіптері
БТБА бойынша кәсібі	Жануар күтімі бойынша жұмысшы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	3-5
4	6

2-кесте. Жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша жұмысшының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Мал шаруашылық, шошқа өсіретін фермалар және кешендер, құс фабрикалары, тұқымдық және сүт фермалары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Ауыр көтеру	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Негізгі орта білімнен төмен емес, жалпы орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді

3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту )	Талап етілмейді
4	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіби білім және жоғары деңгейлі техникалық және кәсіби білім бар болған жағдайда практикалық тәжірибе (қосымша кәсіби дайындық немесе орта білімнен кейінгі білім)	3 деңгейде жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес

3-кесте. Жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша жұмысшы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Жемдердің қажетті мөлшерін анықтау. Жем дайындау және оны тарату, малды суару. Торлы орындарды, қапастарды, қашаларды тазалау, жануарларды өсіру үшін тұратын жайлардағы температура, ылғалдылық және жарықты қамтамасыз ету
2	Жануарларды санитарлық дауалау және жайларды залалсыздандыру. Тұқымға жануарларды таңдауға, жұптарды саралауға және іріктеуге қатысу. Жас малды қолдан тамақтандыру және оларды күту. Жануарларды сою және етті жаңалау. Жануарларды немесе олардан жасалған өнімдерді тасымалдауға әзірлеу. Жануарларды немесе олардан жасалған өнімдерді өткізу мекемелеріне, зообақтарға және басқа да мекемелерге жеткізу немесе сату.
3	Күтім жасалатын жануарлар тобын көбейту бойынша бағдарламаларды жоспарлау және жүзеге асыру. Жануарлардың биологиясын зерттеу бойынша дала жұмыстарына қатысу, ал қажет болған жағдайда, оларды аулау, тіркеуге алу, орнын көшіру және тасымалдауға қатысу. Өз жануарлар тобының төлдерін жасанды азықтандыру, оларды асырау (колға үйрету) және қарапайым ветеринарлық көмекті жүзеге асыру. Биологиялық бақылаудың күнделігін жүргізу және ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу.

4-кесте. Жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша жұмысшы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Шөп, жем, су, ақуызды концентраттар (кебек және күнжара)	Халат, резеңке қолғап, арнайы аяқ киім, трактор, температура өлшейтін аспап, сыпырғы, шелек	1-1) Төсемелерді ауыстыру, оттық және астауды, қосалқы жайлар мен ұшықтарды, бассейнді жуу.
	Су, шөп	Күрек, шелек	1-2) Жемді дайындау және оны тарату, жануарларды суару. Жануарлардың тамақтану тәртібін қамтамасыз ету. Жануарларға күтім жасау

2	Сүт, су, бидай, шөп және сабан	Күрек, шелек	2-1) Торлы орынды, қашаны, қапасты тазалау. Жануарларды ұстауға арналған жайлардағы температура, ылғалдылық және жарықты қамтамасыз ету
		Ағаш қол арба, арба, емізгегі бар бөтелке	2-2) Жануарларды санитарлық дауалау және жайларды залалсыздандыру. Тұқымға жануарларды таңдауға, жұптарды саралауға және іріктеуге қатысу. Жас малды қолдан тамақтандыру және оларды күту

5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша жұмысшының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Жануарларды күту бойынша жұмыстың сапасы мен нәтижесіне жауапкершілік	Жануарларды күту бойынша әрекеттерді орындау әдістерін таңдау біліктілігі	Жануарларға жем дайындауда белгіленген нәтижелерге жету және стандартты міндеттерді орындау қабілеттілігі. Биология негіздері жөніндегі білім
1-2)	Жануарлардың тамақтану тәртібін қамтамасыз ету бойынша дербес біліктерді қолдана отырып практикалық міндеттерді орындау кезіндегі жауапкершілік. Жануарларға күтім жасау	Жас малды қолдан тамақтандыру бойынша шешімдерді дербес қабылдау дағдылары	Үй-жайдағы белгіленген температура мен ауа режимін қамтамасыз ету кезінде практикалық міндеттерді орындау біліктілігі. Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидалары

6-кесте. СБШ біліктіліктің 3- деңгейлі Жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша жұмысшының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
2-1)	Белгіленген міндеттер аясында жұмыс сапасы мен нәтижесіне жауапкершілік	Жұмыс жағдайының белгіленген нұсқаулығы бойынша іс-әрекет жасау тәсілдерін таңдау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидалары. Торлы орындар, қапастар мен қашалардың құрылымы
2-2)	Өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне жауап беру	Қауіпсіздік техникасы мен денсаулықты сақтау талаптары, нормалары мен қағидаларын қолданудағы біліктілігі; стандартты практикалық міндеттерді орындау	Қауіпсіздік техникасы бойынша қағидалар, мерзімді қызмет көрсету және күтім жасау қағидалары мен әдістері

7-кесте. СБШ біліктіліктің 4- деңгейлі Жануар күтімі, соның ішінде кез келген қиын және аса қауіпті жануарлар тобына күтім жасау бойынша

## жұмысшының құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
2-1)	Белгіленген міндеттер аясында жұмыс сапасы мен нәтижесіне жауапкершілік	Жұмыс жағдайының белгіленген нұсқаулығы бойынша іс-әрекет жасау тәсілдерін таңдау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидалары. Торлы орындар, қапастар мен кашалардың құрылымы
2-2)	Өзінің және басқалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне жауап беру	Қауіпсіздік техникасы мен денсаулықты сақтау талаптары, нормалары мен қағидаларын колданудағы біліктілігі; стандартты практикалық міндеттерді орындау	Қауіпсіздік техникасы бойынша қағидалар, мерзімді қызмет көрсету және күтім жасау қағидалары мен әдістері

Мал шаруашылығы бойынша қызметтегі  
кәсіби стандартының  
3-қосымшасы

### 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	6121 Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	64-шығарылым, тарау: Мал шаруашылығындағы жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптері
БТБА бойынша кәсібі	Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3-5
4	6

### 2-кесте. Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Мал шаруашылық, шошқа өсіретін фермалар және кешендер, құс фабрикалары, тұқымдық және сүт фермалары	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Шаң, аллергия, ауыр көтеру	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

4	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіби білім және жоғары деңгейлі техникалық және кәсіби білім бар болған жағдайда практикалық тәжірибе (қосымша кәсіби дайындық немесе орта білімнен кейінгі білім)	3 деңгейде жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес
---	---	---

**3-кесте. Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі**

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Жемдердің қажетті мөлшерін анықтау. Жем дайындау және оны тарату, малды суару. Торлы орындарды, қапастарды, қашаларды тазалау, жануарларды өсіру үшін тұратын жайлардағы температура, ылғалдылық және жарықты қамтамасыз ету
2	Жануарларды санитарлық дауалау және жайларды залалсыздандыру. Тұқымға жануарларды тандауға, жұптарды саралауға және іріктеуге қатысу. Жас малды қолдан тамақтандыру және оларды күту. Жануарларды үйрету, уды жинау орнына жыландарды жеткізу және герпетологке у жинауда көмек көрсету. Жануарларды сою және етті жаңалау. Жануарларды немесе олардан жасалған өнімдерді тасымалдауға әзірлеу. Жануарларды немесе олардан жасалған өнімдерді өткізу мекемелеріне, цирктерге, зообактарға және басқа да мекемелерге жеткізу немесе сату

**4-кесте. Жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы**

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Шөп, жем, су, ақуызды концентраттар (кебек және күнжара)	Халат, резеңке қолғап, арнайы аяқ киім, трактор, температура өлшейтін аспап, сыпырғы, шелек	1-1) Жемдердің қажетті мөлшерін анықтау және оны тарату. Жемді дайындау. Жануарлардың тамақтану тәртібін қамтамасыз ету. Жануарларға күтім жасау
2	Торлы орындар, қапастар, қашалар	Кетпен, тырна, қолғаптар, минералды тыңайтқыштар, залалсыздандыру құралдары	1-2) Торлы орындарды, қашаны, қапасты тазалау. Жануарларды ұстауға арналған жайлардағы температура, ылғалдылық және жарықты қамтамасыз ету
	Жануарлар	Ағаш қол арба, арба, емізгегі бар бөтелке	1-3) Жануарларды санитарлық дауалау және жайларды залалсыздандыру. Тұқымға жануарларды тандауға, жұптарды саралауға және іріктеуге қатысу. Жас малды қолдан тамақтандыру және оларды күту. Жануарларды үйрету

**5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманының құзыретіне қойылатын талаптар**

--	--	--	--



Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Жануарлардың тамақтануын қамтамасыз ету бойынша нәтижелерге жету түсінігі мен жауапкершілігі	Жануарларды күту бойынша іс-әрекетті таңдау біліктілігі	Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидалары. Биология негіздері
1-2)	Командада жұмыс істеу оң бейімділік. Жануарларды асырау бойынша нәтижелерге жету түсінігі мен жауапкершілігі	Ережелерді, нормаларды, қауіпсіздік техникасы және денсаулық сақтау талаптарын қолдану дағдысы	Қауіпсіздік техникасы, мерзімді қызмет көрсету және күтім жасау әдістері

**6-кесте. СБШ біліктіліктің 4-деңгейлі жұмыс жануарының күтімін қамтамасыз ететін мал маманының құзыретіне қойылатын талаптар**

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Жануарлардың тамақтануын қамтамасыз ету бойынша нәтижелерге жету түсінігі мен жауапкершілігі	Жануарларды күту бойынша іс-әрекетті таңдау біліктілігі	Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидалары. Биология негіздері
1-2)	Командада жұмыс істеу оң бейімділік. Жануарларды асырау бойынша нәтижелерге жету түсінігі мен жауапкершілігі	Ережелерді, нормаларды, қауіпсіздік техникасы және денсаулық сақтау талаптарын қолдану дағдысы	Қауіпсіздік техникасы, мерзімді қызмет көрсету және күтім жасау әдістері
1-3)	Олардың іс-әрекет нәтижесі үшін жауапкершілікті өзіне ала отырып басқа жұмысшылардың жұмысына жетекшілік ету	Өздігінен жоспарлау, жұмысты орындау және жұмыс процестерін бағалауда практикалық және танымдық дағдыларды кеңінен қолданады	Кәсіби міндеттерді қою және шешудің әдіс-тәсілдемелерін, принциптері мен тәсілдерін біледі

Мал шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 4-қосымшасы

**1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы**

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	6121 Жануарларды алып жүру бойынша жолсерік
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	64-шығарылым, тарау: Мал шаруашылығындағы жұмыстар мен кәсіптер
БТБА бойынша кәсібі	Жануарларды алып жүру бойынша жолсерік
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3-4

**2-кесте. Жануарларды алып жүру бойынша жолсеріктің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар**

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Мал шаруашылық, шошқа өсіретін фермалар және
--	--

		кешендер, құс фабрикалары, тұқымдық және сүт фермалары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		Шаң, аллергия, ауыр көтеру
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары		Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

### 3-кесте. Жануарларды алып жүру бойынша жолсерік орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Жануарлар және құстарды автокөліктер арқылы, теміржол және теңіз көліктері арқылы тасымалдау кезінде жөнелту және бару пунктерінде, жол бойында алып жүру, күту және қорғау, малды базада қабылдау және қабылдау пунктеріне тасымалдау. Жөнелту пунктерінде жануарларды, құстарды, құрал-жабдықтарды, жемдерді жеткізу және тиеу, қабылдау пунктерінде түсіру. Тасымалдау құралдарында жануарлар мен құстарға арналған жайлардың тазалығын сақтау және жабдықтау
2	Жануарларды дайындау және сою пунктеріне жеткізу, тамақтандыру, суару, құстар мен жануарлардың дәретін бакылау, малды сұрыптау, мал дәрігерлік өңдеу, салмағын өлшеуге қатысу
3	Жарақат алған жануар немесе құсқа алғашқы көмек көрсету, қажетті құжаттарды рәсімдеу және тапсыру-қабылдау актінің негізінде жануарлар мен құсты тапсыру

### 4-кесте. Жануарларды алып жүру бойынша жолсерік орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Жануарлар, құс	Халат, резеңке қолғап, арнайы аяқ киім, шелек, автокөлік, теңіз көлігі, теміржол көлігі	1-1) Жануарлар және құстарды автокөліктер арқылы, теміржол және теңіз көліктері арқылы тасымалдау кезінде жөнелту және бару пунктерінде, жол бойында алып жүреді, күтеді және қорғайды
2	Жануарлар, құс	Құрал, жем, су, ыдыс, тиеу көлігі	2-1) Жөнелту пунктерінде жануарларды, құстарды, құрал-жабдықтарды, жемдерді жеткізеді және тиейді, қабылдау пунктерінде түсіреді. Жануарлар мен құстарға жем, су береді, дәретін бакылайды, жөнелту жолында малды бағады
		Таразы, дәрі-дәрмек, препараттар,	3-1) Малды сұрыптау, мал дәрігерлік өңдеу, салмағын өлшеуге қатысады. Жарақат алған жануар немесе

3	Жануарлар, құс	қолғаптар, құжаттама	құсқа алғашқы көмек көрсетеді. Қажетті құжаттарды рәсімдейді
---	----------------	----------------------	--

### 5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі жануарларды алып жүру бойынша жолсерік құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Жануарларды алып жүру, қызмет көрсету және қорғау кезінде қажетті ресурстарды анықтау және бағалау бойынша функционалдық міндеттер аясындағы жауапкершілік	Жануарларға жем, су беру кезінде практикалық міндеттерді орындау дағдысы	Мал шаруашылығындағы қарапайым құралдар, жабдық, жұмыс тәртібі жөніндегі білімі. Алып жүретін жануарларды тиеу, қызмет көрсету және орналастыру аясындағы білім
2-1)	Жануарлар мен құстарды тиеу және тасымалдау, оларға көмек көрсету бойынша белгіленген міндеттер аясындағы жұмыс сапасы мен нәтижесіне жауапкершілік	Жарақат алған жануар немесе құсқа алғашқы көмек көрсету бойынша іс-әрекетті таңдау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидалары

Мал шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 5-қосымшасы

### 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	6121 Жем әзірлеуші
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	64-шығарылым, тарау: Мал шаруашылығындағы жұмыстар мен кәсіптер
БТБА бойынша кәсібі	Жем әзірлеуші
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
1	1
2	2
3	3-4

### 2-кесте. Жем әзірлеушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Мал шаруашылық, шошқа өсіретін фермалар және кешендер, құс фабрикалары, тұқымдық және сүт фермалары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Шаң, аллергия, ауыр көтеру
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
1	Практикалық тәжірибесі және/немесе жұмыс орнында қысқа мерзімді курстар (нұсқаулық) және/немесе негізгі орта, бірақ бастауыш білімнен төмен емес білімі бар болған жағдайда қысқа мерзімді курстар	Талап етілмейді
2	Негізгі орта білімнен төмен емес, жалпы орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	2 деңгейде тәжірибесі 1 жылдан кем емес

### 3-кесте. Жем әзірлеуші орындайтын, еңбек функцияларын анықтайтын, КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Арнайы рецепт бойынша жем дайындау. Жем мен тағам қалдықтарын жемді булау аспаптарында, қазан мен күбілерде булау, пісіру, гидротермиялық өңдеу. Электр немесе басқа жетегі бар машиналарда ірі, қоректі жемді, концентраттарды, мал текті жемді ұсақтау, ұнтақтау, кесу, тарту және шабу. Су қоймаларынан мал және өсімдік текті жемдерді дайындау. Үй-жайды, жабдықты, құралды, ыдысты залалсыздандыру. Жем қалдықтарын қабылдау және дайын өнімді фермаларға жеткізу. Жемді қабылдау және тұтыну бойынша есеп жүргізу. Көтермелі құрылғылары арқылы жемді дүңгілше, ор, траншея және қоқыс үйіндісінен алу
2	Жем массасын қазандықтарда араластыру, термиялық өңдеу. Қосымша өнімдерді, балықтарды, тағам қалдықтарын және т.б. термиялық өңдеу. Жем цехындағы көліктер және құрал-жабдыққа техникалық қызмет көрсету
3	Рационға сәйкес талап етілетін тағам қалдықтарын әзірлеу бойынша есеп жүргізу

### 4-кесте. Жем әзірлеуші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Шөп, жем, су, ақуызды концентраттар (кебек және күнжара)	Халат, резеңке қолғап, арнайы аяқ киім, трактор, автокөлік, сыпырғы, шелек	1-1) Арнайы рецепт бойынша жем дайындау, сонымен қатар ақуыз және тағы да басқа қоспалармен байытылған жем әзірлеу
2	Минералды тыңайтқыштар, залалсыздандыру құралдары, жем массасы, балықтар	Қаптар, қолғаптар, жем дайындау цехындағы машиналар және құрал-жабдық	2-1) Қазандағы жем массасын термиялық өңдеу, араластыру. Қосымша өнімдерді, балықтарды, тағам қалдықтарын және т.б. жуу. Жем цехындағы көліктер және құрал-жабдыққа техникалық қызмет көрсету

3	Сүт, су, бидай, сабан және шөп	Таразылар, дәрі-дәрімектер, препараттар	3-1) Рационға сәйкес талап етілетін тағам қалдықтарын әзірлеу бойынша есеп жүргізу
---	--------------------------------	---	--

5-кесте. СБШ біліктіліктің 1-деңгейлі жем әзірлеушінің құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Жем цехындағы көліктер және құрал-жабдыққа техникалық қызмет көрсету және арнайы рецепт бойынша жемдерді дайындау кезінде ережелер мен нормаларды, қарапайым қауіпсіздік шараларының сақталуына жеке жауапкершілік	Мал шаруашылығы қызметіндегі жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес өз іс-әрекеттерін түзету біліктілігі	Өрт қауіпсіздігі қағидалары, қызмет көрсетілетін құрал-жабдықтың жұмыс істеу принциптері мен оны пайдалану қағидалары. Жемді дайындау қағидалары
2-1)	Термиялық өңдеу үдерісін жүргізу кезінде және жем цехындағы көліктер және құрал-жабдыққа техникалық қызмет көрсету кезінде өз денсаулығы үшін жеке жауапкершілік	Үй-жайды, жабдықты, құралды, ыдысты залалсыздандыру бойынша практикалық тапсырмаларды орындау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидалары

6-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі жем әзірлеушінің құзыретіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Жем цехындағы көліктер және құрал-жабдыққа техникалық қызмет көрсету және арнайы рецепт бойынша жемдерді дайындау кезінде ережелер мен нормаларды, қарапайым қауіпсіздік шараларының сақталуына жеке жауапкершілік	Мал шаруашылығы қызметіндегі жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес өз іс-әрекеттерін түзету біліктілігі	Өрт қауіпсіздігі қағидалары, қызмет көрсетілетін құрал-жабдықтың жұмыс істеу принциптері мен оны пайдалану қағидалары. Жемді дайындау қағидалары
2-1)	Термиялық өңдеу үдерісін жүргізу кезінде және жем цехындағы көліктер және құрал-жабдыққа техникалық қызмет көрсету кезінде өз денсаулығы үшін жеке жауапкершілік	Үй-жайды, жабдықты, құралды, ыдысты залалсыздандыру бойынша практикалық тапсырмаларды орындау дағдысы	Қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидалары
3-1)	Өзін-өзі бақылау дағдыларын, қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі түзету әрекеттерін көрсете отырып күрделі емес практикалық міндеттерді орындау үшін негізгі практикалық және танымдық дағдыларды қолдана біледі	Өздігінен және (немесе) тікелей басшылық ету арқылы негізгі практикалық және танымдық дағдыларды қолдана отырып стандартты және біртекті практикалық міндеттерді шешу	Кәсіби дайындық процессінде және (немесе) өздігінен алынған білім

**7-кесте. СБШ біліктіліктің 3- деңгейлі жем әзірлеушінің құзыретіне қойылатын талаптар**

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Қол жетегі бар машинасымен, ұсақтау машинасымен немесе қолмен ірі, коректі жемді, концентраттарды, мал текті жемді ұсақтау, ұнтақтау, кесу, тарту және шабу саласындағы жұмыс нәтижесі мен сапасына жауапкершілік	Практикалық міндеттерді орындау және жануарларға жемді дайындау бойынша жұмысында белгіленген нәтижелерге жету дағдысы	Арнайы рецепт бойынша жемдерді дайындау саласындағы кәсіби дайындық үдерісінде алынған білім
2-1)	Дағдыларды дербес қолдана отырып, жемді алу және тұтыну есебін жүргізу кезінде практикалық тапсырмаларды орындау	Жем цехындағы көліктер және құрал-жабдыққа техникалық қызмет көрсету кезінде негізгі қарапайым міндеттерді қолдану дағдысы	Негізгі қарапайым құрал-жабдықтар, қазандарда жем массасын араластыру бойынша жұмыс тәртібі саласындағы білім, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау қағидалары
3-1)	Өздігінен алға қойған міндетті орындау тәсілдерін, еңбек заттары мен құралдарын, бағалау принциптерін, өлшеу әдістерін анықтайды	Қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бағалау, өзін-өзі анықтау, өзін-өзі ұйымдастыру және түзету дағдыларын көрсетеді	Сапа бақылауын және құжаттаманы жүргізу процедурасын біледі

Мал шаруашылығы бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 6-қосымшасы

**1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы**

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуші (МКЖ)	
Базалық топ	6129 Жануарларды күтуші
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
